

АБАЙ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАҢЫЗЫ

Досжан Р.К., Жунисова М.Ш.

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ Нұр-Сұлтан қаласы
№224 мектебі, Қызыл-Орда облысы, Жаңақорған ауданы, Өзгент ауылы

Адамзат эволюциясының рухани дамуында тарихи тұлғалардың орны ерекше және әлемдік өркениет дамуына қосқан үлесі де зор. Ол әсіресе, ойшылдардың идеяларынан туындап жатты. Қазақ мәдениетінің тұтас келбетінде өзіндік орны бар ойшылдар да халқымыздың өрлей түсуіне айтарлықтай ықпал етті. Ол тарихымыздың әрбір кезеңінде белең алды. XIX ғасырдағы қазақ ойшылдары әр түрлі бағдарларды ұстанды. Кейбірі, Ресей отаршылдығына қарсы жаугершілік саясатты ұстанса, ал қайсібірі заман туралы толғай келе, пессимистік бағытқа бет бұрды. Мәселен, бұл мәселе жөнінде зар заман ақындары туралы айтуға болады. Ал ойшылдарымыздың келесі бір тобы тек ағартушылық саланы қолдады. Олардың қатарынан Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев сынды тұлғалар алғы шепке шықты.

Бұл тұста айта кететін жайт, Абайдың жеке тұлғалық болмысы мен шығармашылық идеяларының қазақ халқына қосқан прогрессивті идеялары екендігі маңызды жайт. Мәдениет дамуы қашанда көп салалы болып келеді. Абайдың ұстанған негізгі білімділік жүйесі, бір қырынан ұлттық, екінші бір қырынан шығыстық, үшінші бір қырынан алғанда, жалпы еуропалық параматрлерді біріктіру еді.

Оның «Батысым – шығыс, шығысым – батыс» болып кетті деген сөзі ақиқаттан адасу емес, қазіргі таңдағы жаһандану құбылысының идеялық бастамасы деуге де болады. Абай өз заманында білікті ұстаз, қазіргіше айтқанда, философ, әрі әлеуметтік педагог еді. Кейіннен, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, тек экономикалық қана емес, руханияттық даму да Қазақстанның одан әрі өркендеуінің негізгі ұстанымы ретінде жолға қойылды. Осы тұста, тарихтағы көрнекті ойшылдардың идеяларын қайта таразылып, оны бүгінгі күнмен сабақтастыру мәселесі де басты орынға қойылды. Өйткені, Абай толғамаған қоғамдық өмір саласы кемде-кем және ол бұл мәселеге сыни тұрғыдан қарады.

XIX ғасырда өмір сүрген неміс философы Ф. Ницшенің «Менің ғасырым келесі дәуір» деп айтқан сөзіне орай, біздіңше, Абайдың көзқарастары бүгінгі күнде де өз маңызын жойған жоқ. Шындығында, оны сол дәуірдегі бұқара халықтың көпшілігі түсіне берген жоқ. Бүгінгі таңда ойшылдың дүниетанымы мен қазіргі заман үшін өз мәнін арттырып отыр. Өз заманындағы жаңашылдық идеяларды ұсынушы Абай қазақ қоғамының дамуына іргелі ықпал етті. Ол еліміздің өркениетті даму жолына түсіп, бұрынғы дәуірдің тек жағымды жақтарын қабылдап, ескісін ұмыт қалдыруды терең түйсінді. Сондықтан да, ол заман талабына үндеспейтін кейбір қазақи дәстүрлерді де сынады.

Қазақ қоғамының сыншысы болған Абайдың екінші қара сөзіне шолу жасасақ: «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдірлеген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе – шаршап, жаяу жүрсе – демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, «башалшік ноғай» деп. Орысқа да

күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бар орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп. Сонда мен ойлаушы едім: ей құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім [1].

Абайдың халқының өмір салтына деген сыни көзқарасы, қазіргіше айтқанда, сыни ойлаудың, оның ішінде, елдің ғұмыр кешу дәстүрлеріне тереңірек тоқталып, өзін-өзі сынаудың «Ұлттық Мені» деп салыстырмалы түрде айтуымызға болады.

Жаһандану тұсында тауарлар, ақша шексіз алмасқан тұста ұлт туралы көзқарас та өзгеруде, жаңа теориялар пайда болуда. Ұлт дегеніміз бүгін тілдік, мәдени, діни қауымдастық қана емес, ол бренд, ұлттық код, оның бәсекелестікке сай өндіретін тауары. Ұлттық мемлекет сол тауарды өндіретін корпорация ғана. Бұл теориямен келісейік не, келіспейік, мәселе онда емес, ұлттың имиджі экономикалық тұрғыдан алғанда, оның өндіретін тауарларымен де өлшенетіні анық, ал ол өлшем ұлттың халықтар арасындағы орнын, беделін анықтайтын ақиқат. Бір ұлт бірнеше брендтің иесі болуы ықтимал. Бренд тауар шығарған мемлекеттің тауарлары мен бірге оның тарихы, дәстүрі, ұлттық мәдениеті бірге тарайды. Қарап отырсақ, қымыз, шұбат сияқты біздің ұлттық тағамдар қазір әлемге әйгіленіп отыр.

Отандық сарапшылардың пікірінше, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты аясында көпвекторлы мәдени байланыстарды дамытудың қажеттілігін түсіндіретін бірқатар факторлар бар:

1. Қазақстан Республикасының ҚХР мен РФ секілді ірі державалар арасындағы кең территорияда орналасуы;
2. Қорғалмаған шекаралар мен шешімін таппаған шекаралық мәселелер;
3. Әлемдік теңіз коммуникацияларына тікелей шығудың тек шекаралас мемлекеттер арқылы жүзеге асырылуы... т.б.

Осы факторларды ескере отырып, сыртқы саясатта көпвекторлы мәдени байланыстарды дамытудың нағыз Қазақстанның басым тұстарын пайдаланып, табиғи кемшін тұстарын түзетуге мүмкіндік беретін құрал екені туралы қорытынды жасауға болады.

Қазіргі таңда Қазақстанның әлемдегі өз орнын қайта қарауға мәжбүрлейтін әлемде сапалық жағынан жаңа геосаяси және геоэкономикалық жағдайдың туындауы туралы айтуға болады. «Жаңа» жағдайды анықтайтын факторлар ретінде мыналарды атауға болады: Қазақстандағы трансформациялық кезеңнің аяқталуы; Қазақстанның аймақтық ықпалының артуы; ТМД мен Орталық Азиядағы интеграциялық процестердің белгісіздігі мен аяқталмауы; әлемдегі геосаяси жағдайдың, күштердің халықаралық орталықтарының теңгерімінің өзгеруі; жаңа қауіп қатерлер ошақтарының пайда болуы; әлемдік экономикадағы дағдарыстың аса қатты ушығуы [2, 121 б.].

Абай қазіргі таңдағы осындай саясатты XIX ғасырда атап өткен болатын. Ойшылдың идеясында бейне бір ұлтшылдық саясат мен шовинистік немесе діни фанаттық көзқарастар байқалмайды. Ол «Адазаттың бәрін сүй бауырып деп» деген толғаулары арқылы жалпы халықтық келісімді қалайды. Оның бұл көзарасы тек қазіргі замана ағымы ғана емес, болашақтағы бірігу саясатын қолдауға және болжауға арналғандай.

Қазақстан Республикасы саясатының басты басымдылықтарының бірі – елдің мәдени саласында басқа дамыған елдермен тең деңгейге жаһандану жағдайында өз ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай, керісінше осы екеуінің синтезі арқылы дамуы болып табылады.

Зерттеушілердің пікірінше, өзінің еуразиялық кеңістікте орналасуы себебінен, алға қойған стратегиялық мақсаттарының айқын болуы себепті Қазақстан

Республикасы ғасырлар бойы келе жатқан мәдениетті көпвекторлы бағытта дамытуын өзге елдермен ынтамақтастық әрі достық қарым-қатынастар арқылы жалғастыра бермек. Осы бағытта жұмыс жасай отырып, біздің еліміз аймақтағы өзара әрекеттестік пен ашық мәдени байланыстар, сұхбаттар жүргізуге, тұрақтылық орнатуға мықты негіз құруда [163, 119 б.].

Мәдени дамуымыздың басты мақсаты – көп ұлтты Қазақстанда бірыңғай мәдени ақпарат кеңістігін орнату. Бұл кеңістіктің ұлтымызды әлемдік деңгейде танытуда, оның рухани байлығын көтеруде, әлемдік қоғамдастықпен тең дәрежеде болуға қосатын үлесі зор.

Деректер бойынша, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесе мәдени, білім алу жұмыстарын кеңейту мақсатында көптеген мемлекеттермен қарым-қатынастар жүргізуде. Шетелдерде білім алуға бағытталған президенттік бағдарлама бойынша өнер, мәдениет саласы бойынша сұраныс көп мамандар дайындау ісі қолға алынған. Қазіргі кезде Германиядағы, Ресейдегі (Сургут қаласы), Башқортстандағы, Қырғызстандағы және т.б. мемлекеттердегі қандастарымызбен мәдени, ғылыми байланыстар жүргізу ісі де жақсартыла бастады [3, 91 б.].

Келесі көкейкесті мәселе – Қазақстанның жаһандану үрдісіне кеңінен енуі. Уақытында оның жолын ұлы Абай орыс мәдениеті мен тілін игеру керектігі жөніндегі ойларында терең көрсетіп кетті. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» [4, 101б.], - дейді данышпан Абай.

Бұл кешегі заманның, Қазақстан Ресейдің отары болғандағы сөз. Сондай-ақ, бұл ой өз кезінде тарихи миссиясын артығымен орындады...Әрине, біз көп жылды мәдени байланысымызды көрші Ресеймен үзе алмаймыз. Көп жылдық мәдени байланыс, қалыптасып үлгірген саяси-мәдени және экономикалық байланыстар бізге бұлай еткізбеуші де еді. Бірақ енді орыс мәдениеті бүгіннен бастап бірден-бір қайталанбайтын дара әрі дербес әріптес болудан қалады. Ресей мәдениеті бүгіннен бастап Қазақстанның алуан түрлі мәдени байланыстарының бірі ғана болмақ [5, 278 б.]. Енді келесі кезекте, қазіргі Қазақстанның тілдік саясаты үш тұрғырлы тілмен өлшеніп отыр. Демек, тек екі ғана тіл емес, халықаралық қатынастар тілі ретінде тарих сахнасына шыққан ағылшын тілімен де байланысты. Абай, ағылшын тілін меңгеру үшін, алдымен, орыс тіліне жол ашу керектігін түйсінген сыңайлы. Әрине, ол дәуірде ағылшын тілінің мерейі қазіргідей басым болған жоқ. Абай шығыс тілдерін, орыс тілін жетік меңгерді, оларды салғаластыра қарады.

XXI ғасыр білімнің, ақпараттың жаңа технологияның өрістеу ғасыры. Сондықтан ендігі жерде қазақ мәдени байланысының маңызды бір саласы – ол ғылым мен білім. Бұл салада да Қазақстан көп векторлы мәдени байланыс аспектісін дамытады... Осы мақсатта отандық ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет - білім мен ғылымды халықаралық деңгейге көтеру мәселесі болып отыр [6, 3 б.].

Қазақ қоғамы білім мен ғылымның құдіретін ертеден білген. Ескі замандардан жеткен: «Оқу инемен құдық қазғандай», «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөздер осының куәсі. Оқу-білімді ұлықтаған қағидаттар әл-Фарабидің, М. Қашқаридің, Шоқан мен Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларында молынан кездеседі.

Білім беру жүйесінің екінші бағыты – адамның адам болып қалыптасуына Абай айтқандай, толық адам болуына оның рухани, ішкі қуатының оянып, кемелденуіне көмектесу, адам өзінің жоғары рухани әлемге қатыстылығын түсініп, тұлғаралық қарым-қатынас процесінде, жеке өмірінде жоғары құндылықтарға, мұраттарға сай

өзінің рухани бет-бейнесі айқындайтындай болуына қол жеткізу. Ендеше, Абай айтқан «Адам бол!» философиялық принципі іске осылай асуы тиіс.

Н. Тілегенұлы осы мақсаттағы атқарылып жатқан істер туралы былайша сипаттап береді: «Біз Абайды мәніне жете ұлықтауымыз қажет. Қазір заман өзгерді, дүниетаным өзгерді. Хакімнің «Толық адам ілімі» деген рухани мұрсы бар. Толық адам ілімін меңгерген жан өзін-өзі рухани тазалайды. Қазір осы ілім елеміздегі сегіз жоғары оқу орындарында оқытылады. Жақында осы құнды мұра жайында монографияны жазып бітірдім. Енді алдымызда қазақ жастарын Абайдың «Толық адам ілімімен» тазарту жұмысы қойылып отыр. Бұл батыс пен шығыста жоқ ілім. Бізге Абай арқылы ғана жетіп отыр», - деді зерттеуші-ғалым профессор» [7, 4 б.].

Қорыта айтқанда, данышпан Абайдың идеялары рухани сабақтастықтың озық үлгілерінің бірінен саналады. А. Көбесов өзінің «Әль-Фараби және Абай» деп аталатын еңбегінде ғасырлар бойғы рухани мирасқорлықты дәйектесе, біз, Абай және қазіргі заман сияқты сабақтастықты қайталай аламыз. Осыған орай, Абайдың руханияттық ілімдерін бүгінгі кезеңде қайта жаңғыртып, өнегелік туралы пікірлерін балабақшадан бастап, мектеп, одан кейін жоғары оқу орындарында түбегейлі түрде түсіндіру, тәрбиелік мәнін ұғындыру және оны өмірмәнділік құндылық ретінде бағалудың маңызды екендігін түйсінуімізге болады. Ойшылдың идеялары өзіндік құндылықтарын жоймайтын және болашаққа бой сермейтін дүниеге көзқарастың жиынтығы деп айта аламыз.

Әдебиет:

1. Абайдың қара сөздері <http://bourabai.ru/articles/abai.htm>.\\ (Қаралған уақыты 15.02.2020). [Электрондықресурс]
2. Современный Казахстан: общественное мнение / отв. ред. К.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – 156 с.
3. Лаумулин М.Т. Внешнеполитическая стратегия Казахстана в современной геополитической обстановке // Казахстан в глобальных процессах. – Алматы, 2006. - №1. - С. 88-101.
4. Құнанбаев Абай. Шығармалар жинағы. - Алматы: Өлке, 2012. – 512 б.
5. Нысанбаев А.Н. Глобализация и проблемы межкультурного диалога // В 2 т. - Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2004.- Т. 2. - 310 с.
6. Саиров Е.Б. Жаһандану және Еуразиялық посткеңестік кеңістіктегі елдер мәдениетінің болашағы //Түркістан. – 2009, мамыр 21. – 3 б.
7. Тілегенұлы Н. Абай тағылымы // Білімді Ел. - №32. - 27 август, 2019. - 4 б.